

Балалары бар отбасыларына жәрдемақыларды қаржыландырудың тәртібі

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 1997 жылғы 10 сәуірдегі N 103 Бұйрық. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1997 жылғы 18 сәуірде тіркелді. Тіркеу N 283. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2004 жылғы 20 желтоқсандағы N 453 бұйрығымен.

-----Бұйрықтан үзінді-----

1. Қосымшаға сәйкес, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кейбір нормативтік құқықтық актілерінің күші жойылды деп танылсын...

Министр

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің күші жойылған кейбір нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің "Балалары бар отбасыларына жәрдемақыларды қаржыландырудың тәртібі" 1997 жылғы 10 сәуірдегі N 103, 1997 жылғы 18 сәуірдегі N 283 Мемлекеттік нормативтік құқықтық актілерді тіркеу тізілімінде тіркелген бұйрығы...

Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Балалары бар отбасыларына бәсірелі әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі Ережелерді бекіту туралы" 1997 жылғы 21 наурыздағы N 382 Р970382_ қаулысына сәйкес, балалары бар отбасыларына жәрдемақылар төлеуді Қазақстанның Акционерлік Халықтық жинақ Банкісінің филиалдары жергілікті бюджеттің осы мақсаттарға арналған қаржылары есебінен жүзеге асырады. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен келісе отырып, аталған жәрдемақыларды қаржыландырудың мынадай тәртібін бекітеді:

1. Кәсіпорындар мен ұйымдарда жұмыс істейтіндерге жәрдемақылар белгілеу жөніндегі комиссиялар ағымдағы айдың 25 жұлдызына дейін ай сайын балаларына жәрдемақы алушылардың нөмірі 1 үлгі бойынша, алушылардың саны, жас сараптамасына қарай балалары бар отбасыларына белгіленген бірмәртелік жәрдемақылардың сомасы, тұрақты мекен-жайлар мен паспорттық деректер көрсетілген екі дана тізімді алушылардың жұмыс орны бойынша еңбек және халықтарды әлеуметтік қорғаудың аудандық (қалалық) органдарына

ж і б е р е д і .

2. Жәрдемақыларды белгілейтін комиссия еңбек және халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі аудандық (қалалық) органдардың жанынан бір мәртелік жәрдемақылар алатын жұмыссыздардың номері 2 үлгідегі тізімін (2 дана) хаттайды, сондай-ақ мерзімді әскери қызметкерлердің балаларына, СПИД ауруына ұшыраған науқастардың балаларына арналған, үйінде балаларды өсіріп және оқытып отырған төрт және одан да көп жеті жасқа дейінгі балалары бар аналарға, мүгедектерге арналған жәрдемақылар жөніндегі тізімді ағымдағы айдың 25 жұлдызына дейін ай сайын тапсырады.

3. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі аудандық (қалалық) бөлімдер жұмыс істейтін және жұмыс істемейтін азаматтарға арналған ай сайынғы жәрдемақылардың жиынтық тізімін жасап, ағымдағы айдың 30 жұлдызынан кешіктірмей Қазақстан Халық Банкісінің аудандық филиалдарына ж і б е р е д і .

4. Облыстық қаржы басқармалары 6-функционалдық топ, 213-мекеме, 26-бағдарлама 00-ішкі бағдарлама, 335-ерекшелік бойынша (шығындардың бюджеттік коды 2132600335) ай сайын шығындардың сметасына сәйкес айдың 25 жұлдызына дейін аванстық тәртіп бойынша жергілікті бюджеттерде балалары бар отбасыларына жәрдемақылар төлеуге арналған қаржылары еңбек және халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі аудандық (қалалық) бөлімдердің ағымдағы есебіне одан әрі аудару үшін көшіреді.

5. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі аудандық (қалалық) басқармалар кәсіпорындардағы, ұйымдардағы (жұмыс істейтіндерге) комиссиялар тағайындаған, сондай-ақ еңбек және халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі органдардың жанындағы комиссиялар белгілеген сомаларды ескере отырып, жәрдемақыларды Халықтық Банкінің аудандық филиалдарының жәрдемдік-корреспонденттік шоттарына аударады, сонымен қатар еңбек және халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі облыстық басқармалар мен Қазақстанның Акционерлік Халықтық Жинақ Банкісінің облыстық филиалдарымен арадағы агенттік келісімдерге сәйкес комиссиялық сыйақылардың сомасын аударады.

6. Жәрдемақыларды төлеуді Халықтық Банкінің филиалдары алушының жеке басын растайтын құжат (паспорт, жинақ кітапшасы) көрсетілген жағдайда алушылар тізімінің негізінде жүргізеді. Жәрдемақы алушының жеке іс-қағазында азаматтардың Халықтық Банкі арқылы сомаларды арнаулы салымдарға қосу жолымен жәрдемақыларды алғандықтары туралы азаматтардың жазбаша мәлімдемесі болуы міндетті шарт болып саналады.

7. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі аудандық органдар N 1 үлгідегі тоқсан сайынғы есебінде әлеуметтік қамсыздандыру бөліміне еңбек және халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі облыстық басқармаларының, Алматы

қалалық халықты әлеуметтік қорғау басқармасының балалары бар отбасыларына белгіленген және төленген жәрдемақылардың сомасы туралы ақпарат береді.

8. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі облыстық басқармалар, Алматы қалалық халықты әлеуметтік қорғау басқармасы тоқсан сайын айдың 30 жұлдызынан кешіктірмей жергілікті бюджеттің аталған мақсаттарға арналған шығындарын анықтау үшін облыстық қаржы басқармаларына 1-үлгі бойынша жиынтық есептер береді.

9. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі аудандық (қалалық) бөлімдердің жанындағы жәрдемақыларды белгілеу жөніндегі комиссиялардың кәсіпорындарда, ұйымдарда баласы бар отбасыларына жәрдемақылар беруінің дұрыстығына бақылауды олардан жоғары тұрған қаржылық органдар жүзеге асырады.

10. Жергілікті бюджеттер қаржыларының мақсатты жұмсалыуына, сондай-ақ Қазақстан Халықтық банкісінің бөлімшелері алушыларға жәрдемақыларды дер кезінде төлеуіне бақылауды олардың жоғары тұрған қаржылық органдары атқарады.

11. Тиісті органдардың тексеруі барысында ашылған, дұрыс белгіленбеудің салдарынан балалы отбасыларына артық төленген жәрдемақылардың сомасы кінәлі органдардың қаржысы есебінен қалпына келтіріледі.

1-қосымша

ТІЗІМ

_____ облысы, _____ ауданының, _____ кәсіпорынында, ұйымында жұмыс істейтін, 3 жасқа дейінгі балалары бар (коды 01) отбасыларына Халықтық Банктің N _____, _____ қаласындағы (ауданындағы) филиалында арнаулы салымдардан тиісті соманы алуға құқықты отбасылар:

N р/с	Салым бойынша жеке шоттың номері	Алушының аты- жөні	Белгіленген жәрдемақы (теңгемен)	Паспорт деректері, мекен-жайы
Барлығы				

Жәрдемақыны тағайындау жөніндегі комиссияның төрағасы _____
М.О. (қолы) (аты-жөні) _____
Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі аудандық

(қалалық) бөлімнің бастығы _____

(қолы) (аты-жөні)

М.О.

ТІЗІМ

_____ облысы, _____ ауданының, _____
кәсіпорынында, ұйымында жұмыс істейтін, 3 жасқа дейінгі балалары бар
(коды 01) отбасыларына Халықтық Банктің N _____, _____
қаласындағы (ауданындағы) филиалында арнаулы салымдардан тиісті
соманы алуға құқықты отбасылар:

N р/с	Салым бойынша жеке шоттың номері	Алушының аты- жөні	Белгіленген жәрдемақы	Паспорт деректері, (теңгемен) мекен-жайы
_____	_____	_____	_____	_____
_____	_____	_____	_____	_____
_____	_____	_____	_____	_____
Барлығы	_____	_____	_____	_____

Жәрдемақыны тағайындау жөніндегі
комиссияның төрағасы _____
М.О. (қолы) (аты-жөні)

Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау жөніндегі аудандық
(қалалық) бөлімнің бастығы _____
М.О. (қолы) (аты-жөні)

2-қосымша

ТІЗІМ <*>

_____ облысы, _____ ауданының сомаларын
Халықтық Банкінің N _____, _____ қаласындағы (ауданындағы)
филиалында арнаулы салымына қосу жолымен 1997 жылы _____
жәрдемақылар алуға құқықты, 3 жасқа дейінгі балалары бар (коды 01)
а з а м а т т а р ы :

N р/с	Салым бойынша жеке шоттың номері	Алушының аты-жөні	Белгіленген жәрдемақы	Паспорт деректері, (теңгемен) мекен-жайы
_____	_____	_____	_____	_____
_____	_____	_____	_____	_____
_____	_____	_____	_____	_____
_____	_____	_____	_____	_____
Барлығы	_____	_____	_____	_____

Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау жөніндегі аудандық (қалалық)
бөлімнің жанындағы жәрдемақылар
тағайындайтын комиссияның

төрағасы

М.О.

(қолы) (аты-жөні)

Халықтық Банкінің аудандық

филиалдарының басқарушысы

М.О.

(қолы) (аты-жөні)

<*>. Ескерту. Тізімдер жәрдемақының әрбір түріне коды көрсетіліп жасалады:

01 - 3 жасқа дейінгі балалары бар отбасыларының жәрдемақысы

02-3-18 жас арасында балалары бар отбасыларының жәрдемақысы

03-4 және одан көп, 7 жасқа балалары бар көп балалы жұмыс істемейтін аналардың жәрдемақысы

04 - мерзімді әскери қызметкерлер балаларының жәрдемақысы

05 - СПИД ауруына ұшыраған балалардың жәрдемақысы

06 - үйде тәрбиеленген және оқитын мүгедек балалардың жәрдемақысы